

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИНІҢ
ӨКІМІ**



**РАСПОРЯЖЕНИЕ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

20__ жылғы _____
№ _____

Астана қаласы,
Үкімет Үйі

от «__» 20__ года
№ _____

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
2025 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы**

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомствоның актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы қунінен кешіктірмей тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру обьектісінде орналастырып тұрсын.

3. Жергілікті өкілді, атқарушы органдар тізбеге сәйкес тиісті құқықтық актілерді әзірлесін және қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру жөніндегі ақпаратты талдау, қорытындыласын және ай сайын, 5-і қунінен кешіктірмей жиынтық ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру обьектісінде орналастырып тұрсын.

Премьер-Министр

О. Бектенов